

ШЫҢЖАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙ

"Тәуелсіздік декларациясындағы норма істемей отыр." Қытай қазақтары жайлы Жақсылық Қазымұратұлымен сұхбат

Нұрбек ТҮСІПХАН

11 маусым 2026 жыл, 12:31



Шыңжаңда қамауда отырған жазушы қазақ Жеңіс Ырысқанұлы (оң жақтан екінші) мен оның отбасы мүшелерінің суретінен коллаж

Қазақстан үкіметі Қытайда түрлі жаламен саяси қуғын көріп, түрмеге түсіп жатқан қазақтарға араша сұрауы керек, дейді журналист Жақсылық Қазымұратұлы. Азаттыққа сұхбатында ол Пекиннің саясаты Шыңжаң қазақтарының ана тілі мен болашағына қатер төндіріп, қазақ зиялыларына қысымды күшейткенін айтады.

Жақсылық Қазымұратұлы 2024 жылы Қытайдағы қазақ ақын-жазушылары қуғынға ұшырағанын [алғаш хабарлап](#), дабыл қаққандардың бірі әрі бұл тақырыпта бірнеше мақала жазған. Онымен сұхбатты биыл сәуірде Шыңжаңда полиция ұстап әкеткен қазақ жазушы [Жеңіс Ырысқанұлының тағдыры](#) жайлы әңгімеден

бастадық. Қазақстандағы балалары Ырысқанұлынан үш айдан бері хабар ала алмай отырғанын айтып, Қазақстан билігінен жәрдем сұраған. Ырысқанұлының басындағы жағдай Шыңжаңдағы қазақ зиялыларына ортақ мәселе дейді Қазымұратұлы.

Жақсылық Қазымұратұлы: Жеңіс Ырысқанұлы – Қытайдағы қазақ қаламгерлері ортасында танылған үлкен жазушы. Ол негізінен сатиралық шығармалар жазады, "Қызыл тікен" дейтін әңгіме-повестер жинағы Қытай қазақтары арасында өте танымал. "Томпақтың қоныс аудару кешірмелері" дейтін сатиралық романы қазақ әдебиетіндегі осы жанрдағы алғашқы трилогия болуы мүмкін, өйткені өз басым қазақша үш томдық сатиралық шығарма кездестірген жоқпын. Жеңіс Ырысқанұлы өзі тұратын Құмыл өңірінің мәдени, әдеби, рухани жұмыстарына көп жыл атсалысты, "Құмыл алқабы" журналының редакторы болды.

Азаттық: Екі жыл бұрын "Жас алаш" газетіне "Шыңжаң түрмесінде қамақта отырған қазақ зиялылары" деген мақала жазған едіңіз, ақын-жазушы, журналист, өнерпаз адамдар жайлы еді. Содан бері ол адамдар босатылды ма?

Жақсылық Қазымұратұлы: Өзім тікелей хабар ала алмадым, бірақ ұзынқұлақтан естуімше, бірлі-жарым кісі босатылған. Полицияның қатаң бақылауымен ұйқамаққа ауыстырылған және бір азамат Астанаға көшіп келді деп естідім. Бірақ өзім нақты тілдескен жоқпын. Ал негізгі ұсталған адамдардың денінен әлі күнге дейін хабар жоқ.



Қытайда қамауа отырған қазақтар жайлы "Жас Алаш" газетінің мақаласынан скриншот.

Азаттық: Шыңжаңда қамалып, сотталып жатқан адамдардың туыстары Қытайдағы жақындарымен сөйлесу, хабар алу қиын екенін айтады. Әлеуметтік желіні аңдиды, телефон тыңдалады дейді. Мұндай күдіктің негізі бар ма?

Жақсылық Қазымұратұлы: Негізі бар, өйткені, Қытайдағы интернет толығымен биліктің бақылауында. Көбінесе олар WeChat дейтін Қытайдың әлеуметтік желісі арқылы туыстарымен хат-хабар алмасады. Демек, оның бәрін Қытай құзырлы органдары тыңдап, жазғаныңызды оқып отыру әбден мүмкін.

Азаттық: Қытайда қазақтардың қамалып жатқаны туралы хабарды көбінесе біз, журналистер, осы Қазақстандағы туыстарынан естиміз. Оның өзінде де бірлі-жарымы болмаса, көбі ашық айтпайды, Қытайдағы өзге туыстарымызға кесірі тиеді деп қауіптенеді, үнсіз қалады. Онысы Қытайдағы қазақтарға қаншалықты көмектесіп жатыр?

Жақсылық Қазымұратұлы: Меніңше, қатты көмектесіп жатқан жоқ. Керісінше, біз бәрібір ол мәселені ақпарат құралдары арқылы айтып, мысалы, Қазақстан азаматығын алған інісі, баласы сияқты тікелей туыстары болса, солар арқылы сыртқы істер министріне сұрау салып, бұл адамдардың іздеушісі барын, біреулер іздейтінін үнемі айтып отырғанымыз дұрыс.

Бір есептен, Қытайдағы ол туысқандарды түсінуге болады: оларға жететін бүкіл ақпарат, хаттар бақылауда болғандықтан қорқады және мен тілдескен кейбірі өздеріне құзырлы органдар "егер бұл мәселені Қазақстанға жеткізсеңдер немесе

іздеу салсаңдар, өмірлеріңе қауіп төнуі мүмкін" деп қатаң ескертті дейді. Бізді де түрмеге қамауы мүмкін деген соң бұл жақтағы туысқандарды аяқ тартатын көрінеді.

Азаттық: Қытайдағы қазақтардың, ұйғырлардың, түркі текті халық өкілдерінің қамалып, сотталып жатқаны туралы ақпарат 2016-2019 жылдары және одан соң да баспасөзде, халықаралық құқық қорғаушы ұйымдар тарапынан да қатты сөз болды. Кейін аздап бәсеңдеп қалғандай болды. Бұл Қытайдағы қамау-соттаулар азайғанының белгісі ме, жоқ әлде Қытай билігі тактикалық тәсілін өзгертті ме?

Жақсылық Қазымұратұлы: Бұны екі тараптан да қарастыруға болады. Негізінен, салыстырмалы түрде азайды. Өйткені Қытай әу баста халықты бір арнаға түсіріп, үрейде ұстап отыру үшін 2017-2018 жылдары жаппай қамауға алды. Сіз ақын я жазушысыз ба, болмаса қарапайым қызметкер, малшы-диқансыз ба – бәріне әлдебір себеп ойлап тауып, түрмеге (Қытай билігі оны түзету я үйрену орталығы деп атайды) қамады. Ал кейінгі кездері бұл тәсіл өзгерді.

Менің ойымша, қарапайым халықтың жүрегін шайлықтырды: егер өздеріне қолайсыз әрекеттерге барса, мысалы, Қытай заңына қайшы келеді дейтіндей ұлттық мәселелер қозғалса қамалатынын енді халық білді. Сөйтіп, Қытай билігі сорпа бетіне шығар интеллигенцияны ақырындап ұстауды жалғастырып жатыр. Оған дәлел, мысалы, бүгін біз айтып отырған Жеңіс Ырысқанұлы дейтін үлкен жазушының 7-8 айдан бері іздерексіз кетуі.

Азаттық: Бұл ұстау-қамаулардың түпкі мақсат-мәні неде Қытай үкіметі үшін?

Жақсылық Қазымұратұлы: Оның мақсаты – ұлттың сөзін сөйлейтін, белгілі бір дәрежеде елдік, ұлттық мүддені қорғайтын, соны сақтап қалуға тырысатын интеллигенцияны жою деп ойлаймын. Өйткені, Қытайда кейінгі 10 жылдан бері қазақ мектептері жабылды, қазақ тілінде білім беретін ошақтар жоқ. Олар ақпаратты қытай тілінде алады және соңғы бір-екі буын қытай тілінде сөйлейді. Демек, енді оларға керегі қазақша сөйлейтін, ойланатын, қазақтың ұлттық, рухани мәселелеріне жанашырлықпен қарайтын, соған алаңдайтын интеллигенцияны біртіндеп әлсірету немесе түпкілікті жою. Содан кейін өздері көздеп отырғандай бір ұлт саясаты, қытайландыру саясаты жалғасады, соған осы қазақ тілі, қазақ интеллигенциясы белгілі деңгейде, өздерінің ойынша, кедергі келтіріп отыр.

Азаттық: Қазақстандағы туыстарымен сөйлесек, біз осы айтып отырған адамдардың ешбірі Қытай үкіметіне қарсы сөйлеу түгілі, ондай ниеті де болмағанын айтады. Яғни коммунистік партияның тәрбиесімен өскен, бөтен ой-пиғылы жоқ адамдар. Солай бола тұра оларды неге қамап жатыр?

Жақсылық Қазымұратұлы: Қытай қазақтары жалпы тыныш қауым деп есептеуге болады. Өйткені Қытай коммунистік өкіметі орнағаннан бері олардың ұйымдасып мемлекетке қарсы қылмыс жасағаны, қандай да бір іс-әрекетке барғаны туралы ресми ақпарат жоқ. Оны Қытай өкіметі өзі де біліп отыр. Қытай өкіметінің осы зиялыларды ұстаған кездегі жапқан жаласы да нанымсыздау. Мысалы, бізге жеткен ақпарат бойынша, оларды бұрын шыққан кітабында немесе журналистердің бұрын дайындаған хабарларында қандай да бір ұлтшыл, елдік мүддеге қайшы мәселелер болу мүмкін деп ұстайды дейді. Бірақ Қытайда цензура қатаң, орталық партия комитеті оның бәрін тексеріп, сүзгіден өткізіп, тиісті жерлерін қиып алып тастайды, содан кейін ғана кітап баспадан шығады немесе хабар дайындалады. Ал енді өздері рұқсат берген, өздері бастырып шығарған сол кітаптардан я хабарлардан қайтадан кінәрат табу, әлдебір ұлтшылдық белгісін табу – бұл бір сылтау немесе жала сияқты.

Азаттық: Қытайда қамалған қазақтар жайлы Азаттық Қытай елшілігіне сан мәрте хат жазып, жауап ала алмады, Жеңіс Ырысқанұлына қатысты да жауап бермеді. Ал Қазақстанның сыртқы істер министрлігі ол – Қытайдың азаматы, бұл оқиға Қытайдың ішкі шаруасы деді. Қалай ойлайсыз, бұл мәселеде Қазақстан үкіметінің ұстанымы қандай болуы керек?

Жақсылық Қазымұратұлы: "Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заңның сегізінші тармағында Қазақстан Республикасы өз шегінен тыс жерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани істеріне септеседі, сонымен бірге солар тұрып жатқан елдің Қазақстанмен жасасқан келісімшарттары аясында олардың мүддесін қорғайды деп **жазылған**. Яғни біздің тәуелсіздік туралы декларациямызда шетелдегі қазақтардың мүддесі қорғалады деп анық айтылған. Демек, біз соны атқаруымыз керек деп ойлаймын. Біз де осы мәселені "Жас алаш" газетінде бірнеше мәрте көтердік, сыртқы істер министріне ресми сауалдар жібердік. Олардың айтатыны бір ғана жаттанды сөз: олар – Қытай азаматы, біз олардың ішіне араласа алмаймыз дейді. Бұл жаңағы тәуелсіздік декларациясында нақты көрсетілген норманы орындамай отырмыз деген сөз ғой.

Сонымен бірге екінші мәселе – бізде халықаралық құқық қорғау бойынша, бөлініп, бір-бірінен ажырап қалған отбасы мүшелері тікелей туысын іздеуге хақылы. Яғни осы ұсталған азаматтардың кейбірінің анасы, кейбірінің баласы – Қазақстан азаматы. Неге олардың жағдайын сыртқы істер министрлігі біліп бермейді? Мен сол кісілердің көбімен сөйлестім, олар туысымды түрмеден шығарып бер немесе Қазақстанға алып кел деп отырған жоқ. 7-8 айдан бері іздерексіз кетті, соның хабарын біліп бер, қандай жаза тағайындалды, қайда жатыр, қазіргі жағдайы қалай, түрмеде азапталып жатқан жоқ па? Сол мәселелерді біліп бер дейді, яғни ақпарат алып бер деп отыр. Демек, біздің сыртқы істер министрлігіміз бұл тұрғыда белсендірек жұмыс істеуі керек сияқты.

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

САЯСАТ

БАС ТАҚЫРЫПТАР

Қытай

ШЫҢЖАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған